

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзету және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қатты қалдықтарды жинақтау, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 152/13 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің 2024 жылғы 31 қаңтардағы № 29 "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың қалыптасуы және жинақталу нормаларын есептеудің қағидаларын бекіту туралы" қаулысымен және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифі есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген), бұйрығына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының маслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан Тайынша ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзету және жинақтау нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Солтүстік Қазақстан Тайынша ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының
төрагасы*

С. Бекшенов

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша аудандық мәслихатының
2024 жылғы 19 сәуірдегі
№ 152/13 шешіміне
1-қосымша

Тайынша ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Реттік сан	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,20

2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, карттар үйлері және сол сияқты	1 орын	1,23
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,05
4	Балабакшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,76
5	Мекемелер, үйымдар, оғистер, кенселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,67
6	Емханалар, медициналық орталық	1 келіп кету	1,4
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,18
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,30
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тاماқтану мекемелері	1 отыратын орын	1,12
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханала, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	1,3
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м2	0,5
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,02
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,32
14	Азық-түлік жігін өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1 м2	0,35
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	0,51
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршіктер, сөрелер	Сауда алаңы 1м2	0,51
17	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, коймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,43-
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,23

19	Вокзалдар, автовокзалдар , ауежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,73
20	Жағажайлар, жолдардан көше сыйрысындысы	Жалпы алаңы 1 м ²	0,78
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,18
22	Автотұрактар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	4,08
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,3
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,67
25	Шаштараз, косметикалық салондар	1 жұмыс орын	2,24
26	Kір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,37
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,13
28	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқты)	1 жұмыс орны	0,02
29	Моншалар, саunalар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,22
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 000 қатысушы	2,4
31	Бау-бақша кооперативтері	1 участке	0,18

Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша аудандық мәслихатының

2024 жылғы 19 сәуірдегі

№ 152/13 шешіміне

2-қосымша

Тайынша ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Жинау және тасымалдау	Сұрыптау	Көмү	Барлығы
	Құны (қосылған құн салығынсыз)			
Абаттандырылған үй иелері (1-ші тұрғыннан айна)	204,35	11,42	47,13	262,9

Абаттандырылмага н үй иелері (1-ші контейнерді шығару)	2 700	-	-	2 700
Бірлікке жылдық тариф (көлемі)	1 м3	-	-	3321,43

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК